

ОӘЖ: 101.9

ЖАПОНИЯ ФИЛОСОФИЯСЫ

Муса Алхам

Alham08musa@gmail.com

Л.Н. Гумилев ат. Еуразия ұлттық университеті «Философия және этика»
мамандығының

2 курс студенті, Нұр-Сұлтан, Қазақстан
Ғылыми жетекшісі – Р.Кемербай

Жапония-қойнауы терең тарихы мен жоғары мәдениетімен ерекшеленетін мемлекет. Географиялық жағдайына сәйкес Жапония басқа мемлекеттерден оқшаулау тұрды және соның арқасында Еуропа елдеріне қарамай экономикасын, халық жағдайын, мәдениетін дамытқан ел. Жапонияны «Күншығыс елі» деп те атайды. Жапония-салт- дәстүрлері мен әдет-ғұрыптарымен әлемге белгілі өте қызық ел. Жапония мәдениеті көпжақты және бай. Жапонияға ғана тән салт-дәстүрлер оның тарихи дамуы нәтижесінде қалыптасты. Біртіндеп Жапония халқының бір ұлттылығы мен менталитеті бар біртұтас қуатты мемлекетке айналып отыр. Қазіргі уақытта Жапония-алдыңғы қатарлы дамушы мемлекеттің бірі. Жапония мәдениетінің ерекше түрі оның философиясы болып табылады.

Жапония алғашында өзінің мәдени дамуында Қытайдан қалып отырды. Сондықтан, б.з. 1 ғасырынан бастап жапон мәдениетінен қарағанда Хань династиясы кезеңіндегі Қытай мәдениеті үлкен әсер етті. Корей және Қытай адамдарының Жапонияға келуінен Конфуций ілімі кең таралады. Бірақ жапондықтардың дүниеге көзқарасы ертедегі жапон мифологиясында болып қалады. Ол «Кодзики» деген атпен 8 ғасырдағы ескерткіште сақталады. Ертедегі жапон мифологиясына табиғатқа табыну (натуризм) мен оның жандануы (анимизм) тән. Натуризмде Күнге табыну маңызды орынға ие болды. Сонымен қатар Айға да, әр түрлі құбылыстарға да, ағаштарға да, бұлақтарға да және т.б. табынды. Бұл натурализм болып табылады.[1]

XIX ғасырдың ортасына дейін Жапон философиясы дінмен, этикамен, эстетикамен, саяси ұйыммен және мәдениетпен ажырамас байланыста болды және жеке пән ретінде қолданылмады. Тарихи тұрғыдан, Жапония Корей түбегі мен Қытаймен қарқынды мәдени және саяси алмасу кезеңдерін бастан кешірді, одан кейін ұзақ уақыт оқшаулану кезеңі өтті, оның барысында шетелдік ықпал етіліп, отандық мәдениетке бейімделді. Шетелден Жапонияға әсер еткен негізгі философиялық дәстүрлер: конфуцианизм, буддизм, неоконфуцийизм, даосизм және соңғы екі ғасырдағы батыс философиясы.

Батыс философиясы тіл мен логиканың тұжырымдамалық компоненттерімен тығыз байланысты болғандықтан, жалпы алғанда шындықты сөз тұрғысынан түсіну әрекетін қамтыса, Шығыс философиясы рухани жүзеге асырумен және өзін-өзі дамумен көбірек

айналысады. Философиялық идеялар діни немесе рухани тәжірибеге, әдеби дәстүрлерге және әлеуметтік мәдени практикаларға біріктірілген. Қиыр Шығыс дәстүрлерінің ішінде, қытай ойы жалпы практикалық бағытқа ие болса, ал корейлер діни тенденцияға ие болса, жапондық ой ерекше эстетикалық сезімталдыққа сәйкес дамыды. Мәдени іс-әрекеттегі аспаздық, ағаш ұстасы және технологиялық жұмыстардан бейнелеу өнері мен әдебиетке дейінгі жетілдіруге және жетілдіруге арналған жапондық ізденіс идея мен іс-әрекетті, тұжырымдамалық және бейнелік, эстетикалық жетілдіруді бөліп көрсетпейтін философиялық көзқарастарға негізделген.

Сонымен Жапон философиясы-жапондықтардың бай қазынасы, халық тарихы, болашақ ұрпақтың тәлім-тәрбиесі мен өнегесінің қоры. Жапония елінің қалыптасуынан бастап философия да қатар жүрген. Жапон философиясының тарихи дамуы көптеген кезеңдерді қамтиды. Сол кезеңдерді бастан кешіріп, жапон халқы өз мәдениетін өзі қалыптастырды, дамытты. Жоғары сапалы білімнің, тәрбиенің, ұрпақтан ұрпаққа жеткізіліп отырған философиялық ойлар мен халықтың өшпес мұраларының нәтижесінде Жапония жан-жақты қалыптасқан, жоғары дамыған мемлекет.

Қазіргі кездегі жапон философиялық ойлары негізгі көптеген өзекті мәселелерді қамтиды. 20 ғасырдың 60-80 жылдарында болған «Сокагаккай» идеологиялық қозғалысы діни және философия мазмұнын өзара сапырылысып жіберді. Діни догматтарға бай дүниетанымдық жүйесі «Өмір философиясы» аталып, ал құндылықтардың философиялық теориясы буддалық діни ілімі деп бағаланды. Осындай методологиялық адасулар соңғы кезде жапон философиясында біршама орын бағаланд [2]

Жапон халқының қазіргі таңда ұлт ретінде жеткен жетістіктері таңдандырмай қоймайды. Олардың мемлекеттік жүйесі көп елден озық, техникалары басқалардікінен мықты, қарапайым адамдарының мәдениеті өзгелерді тамсандыратын жағдайда болуы бір немесе он жылдың емес, ғасырлар бойы қалыптасқан дәстүрлердің жемісі. Солардың бірі саналатын "икигай" түсінігі туралы сөз қозғасам. Икигай сөзі жапон тілінен аударғанда «өмір сүрудің мәні» деген мағына береді.

Бұл түсінік адамға мамандығын, өмірдегі орны мен мақсатын анықтауға көмегін тигізеді. Зерттеулер икигайы бар адамдар күйзеліске көп түспейтінін, басқаларға қарағанда өздерін бақыттырақ сезініп, жүрек ауруларына аз шалдығатынын анықтады. Сондай - ақ икигай пәлсапасын ұстанатындар басқаларға қарағанда ұзағырақ өмір сүретіні де белгілі.

Икигай (Ikigai) "Жапондық өмір сүрудің мәні" пәлсапасы. Икигай бұл терминнің қазақ тіліндегі баламасы-" өмір мәні". Икигай сөзі жапон тіліндегі екі сөздің қосылуынан шыққан: "ики"-өмір,"гай"-себебі.

Бұл түсініктің қарапайым түсіндірілуі де оның осыншалықты танымал болуына әсер еткендей. Әрбір мәдениет пен философиялық ағымда икигай мәндес түсініктерді кездестіруге болады: бағыт, борыш, парыз, міндет, мақсат пен өмір мәні деп те атаймыз. Бұл аталған тұжырымдардың барлығы адамзатты өмір бойы мазалайтын «Мен мына жерде не істеп жүрмін?», «Не үшін өмір сүріп жатырмын?», «Айналама қандай пайдам тиеді?» - деген сұрақтардың қысқаша жауабы. Күнделікті өмірде бір істі құштарлықпен жасайтын жанды, өз ісін сүйетіндігі соншалықты жалындаған қалпында жұмысқа кіріскен жасты, өзінің еңбегін қоғамның жандануына арнаған адамды кездестіреміз.

Мәдениетімізде ондай адамдарды өз ісінің маманы деп атаймыз. Бұл адамдар өз икигайын тапқан адамдар болып табылады. Сонымен қатар, оған тағы мынандай түсінік беруге болады: Икигай - саналы әрі ұзақ өмірге апаратын жол. Бұл өзінің маңыздылығын ұғу, оптимистік көзқарас пен қуаныш. Жапония халқының орташа өмір сүру жасы басқалармен салыстырғанда әлде қайда жоғары. Ер адамдар 88, ал әйелдердің орташа өмір сүру жасы-92. Ұзақ өмір мен баянды мәнді ғұмыр кешудің сыры осы жапон бақытының сыры «икигаймен» байланысты шығар.

Икигай жапондық «өмір сүрудің пәлсапасы» ол 4-түрге бөлінеді:

- 1.Сіз жақсы көретін нәрсе;
- 2.Сіздің сүйіп жасайтын ісіңіз;

3.Сізге ақша әкелетін іс;

4.Адамзатпен пен әлемге қажет дүние

Қысқаша айтқанда «икигай» өзіңіз жақсы көріп, қолыңыздан келетін, сізге және адамзатқа қажет дүниенің ортасы болып табылады.

"Сенің икигаиың сен тамаша орындай алатын және сен сүйетін істің арасында жатыр," дейді Hector Garcia, өзінің бірігіп жазған "Икигаи: жапондықтардың ұзақ және бақытты өмірінің құпиясы" атты еңбегінде. Ол былай дейді: "бейне кей адамдар зат пен ақшаға құмар болғаны секілді, басқа бір адамдар ақша мен атақ қуалаған өмірге қанағаттанбайды, материалдық байлықтан биігірек құндылықтарға талпынады. Әртүрлі аталып келсе де, дәл осы талпыныс өмір мағынасының өзегін құрайды."

Ежелгі Қытай ойшылы Конфуцийдің "Егер өзің ұнатқан істі істер болсаң, ешқашан жұмыс істемес едің" деген қанатты сөзі әр адамды оның ісімен бірлікке келтіретін икигаиы бар екенін білдіреді.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

- 1.Чанышев А.Н.Философия Древнего мира М.Высшая, 2001
2. Молдабеков Ж.,Қасабек А. Шығыс философиясы-Алматы,2001
3. Алтай Ж.,Қасабек А.,Мұхамбетәли Қ. Философия тарихы-Алматы
4. <https://massaget.kz>